

Бухгалтерлік есептің 22 стандарты Банктердің кірістері мен шығыстары

Күшін жойған

Бұйрық Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бухгалтерлік есеп және аудит әдістемелік Департаменті 1997 жылғы 12 желтоқсан N 79 Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 7 ақпан N 449 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2001 жылғы 22 қарашадағы N 503 бұйрығымен.

МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН САЛАСЫ

1. Осы стандарт банктерге олардың кірістері мен шығыстарын анықтағанда қолданылады.

2. Осы стандарт банктердің қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы есепті ұсынудың ретін қамтамасыз етуге және оларды банктің өткен кезеңдердегі қаржылық есептерімен және басқа банктердің қаржылық есептерімен салыстыру үшін белгілі бір статьяларды жіктеу әдістерін белгілейді. Күнделікті қызмет нәтижесінде және ерекше жағдайларда туындайтын кірістер мен шығыстарды жіктеу және сипаттау, сондай-ақ есептеу бағаларындағы өзгерістерді, есептеу саясатындағы және жіберілген елеулі қателіктерді түзетудің есеп жүргізу әдістері Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп жөніндегі ұлттық комиссиясының 1996 жылғы 13 қарашадағы N 3 қаулысымен бекітілген бухгалтерлік есептің N 3 стандартында белгіленеді.

3. Осы стандарт уәкілетті органдар бекіткен Бухгалтерлік Есептің Стандарттарын толықтырады.

КІРІСТЕРДІ (ШЫҒЫСТАРДЫ) БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ТАҢУ

4. Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп жөніндегі ұлттық комиссиясының 1996 жылғы 13 қарашадағы N 3 қаулысымен бекітілген бухгалтерлік есептің N 5 "Кіріс" Стандартына сәйкес операциялар және басқа да кірістерді (шығыстарды) тану жүзеге асырылады.

5. Сыйақы (мүдде) түріндегі кіріс мынадай жағдайларда танылады:

1) жасалған мәмілеге байланысты банкке экономикалық пайданың тиімділігі байқалса;

2) кіріс сомасы аса жоғары сенімділікпен бағаланатын болса.

6. Банк мәмілеге сәйкес контрагенттің ақшаларын пайдаланғаны үшін туындайтын шығыстары болған жағдайда, сыйақы (мүдде) түріндегі шығыстары

танылады.

7. Активтен (міндеттемеден) болатын нақты кірісті (шығысты) есептейтін уақытша арақатынас негізінде сыйақы (мүдде) түріндегі кіріс (шығыс) болып танылады.

8. Банктің кірістері мен шығыстары Қазақстан Республикасы Президентінің "Бухгалтерлік есеп туралы" Заң күші бар Жарлығының 5-бабына сәйкес бухгалтерлік есептің барлық негізгі қағидаларын ескере отырып танылады.

9. Банк ағымдағы айдың кірістері мен шығыстарын есептегенде, келесі айлардың төлемдерін ағымдағы айдың соңында жасайтын болады.

10. Төменде аталған операциялардан туындайтын кірістер мен шығыстар нетто негізінде белгіленеді:

1) сатуға арналған бағалы қағаздардың есептен шығарылуы және де олардың баланстық құнындағы өзгерістер;

2) шетелдік валютамен және бағалы металдармен дилингтік операциялар;

3) сатуға жарамды бағалы қағаздардың есептен шығарылуы, өтеуге дейін ұсталатын және де капиталға бағытталған инвестициялар.

11. Кіріске жатқызылған соманы алу мүмкіндігіне қатысты белгісіздік туындаған жағдайда, оны алу мүмкін болмағанда, алғашқы танылған кіріс сомасы түзету болып саналады, алынбаған сома немесе оны алу мүмкін болмағанда, кіріс сомасының алғашқы танылғаны да түзету сияқты қабылданады.

12. Банк өз активтерін жіктейді және соған орай Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген шарттар негізінде қажетті провизиялар сомасын белгілейді.

13. Банктің шығыс сомасына жатқызылған соманы төлеуге немесе пайдалануға қатысты сенімділігі болған кезде, ол сома алғашқы шығын ретінде танылған сомаға түзету сияқты болып танылады.

14. Бұрынғы есептен шығарылған активтердің сомасын қайтару, сол активтерді есептен шығару есебінен болған статьялардың орнын толықтырады.

15. Қаржы-шаруашылық қызметтің нәтижелері туралы есепте кіріс пен шығыс статьялары өзара есептесілмейді, олардың өзара есептескендерінен басқалары хедж бен активтер және міндеттемелерге байланысты өзара есептелетін болады.

БАНК КІРІСТЕРІ МЕН ШЫҒЫСТАРЫНЫҢ ҚҰРАМЫ

16. Банктің кірістері есептеу әдісі негізінде теңгемен есептеледі және мыналардан:

1) берілген кредиттер, депозиттер, форвардтық, лизингтік операциялар,

бағалы қағаздармен операциялар бойынша кірістерден;

2) шетелдік корреспонденттік шоттар, аударымдар бойынша комиссиялық алымдардан, аккредитивтер мен басқа да банктік қызметтер бойынша кірістерден ;

3) жарна, акциялар және басқа да бағалы қағаздар бойынша дивидендтерден;

4) есеп айырысу және кассалық қызмет көрсету үшін клиенттерден

алынатын төлемдерден, клиенттердің телеграф (почта) және басқа да шығындарын өндіруден;

5) қайта бағалауды ескере отырып, сатуға жарамды бағалы қағаздарды сатып алу-сатудан түсетін кірістерден;

6) сатылуға арналған шетел валютасы мен бағалы қағаздарды сатып алу-сатудан және қайта бағалаудан болатын кірістерден;

7) банктерге, сонымен бірге инкассация үшін де көрсетілетін қызметтен түсетін төлемдерден;

8) банктің басқа да активтерін сатудан түсетін кірістерден;

9) банктің шеккен шығындарының өтемінен түсетін сомадан;

10) өткен жылдар үшін үстеп есептелінетін, талап етілетін, банктің клиентке өткен жылдардағы артық төлеген төлемдерінен келетін кірістерден;

11) банктің банк қызметкерлерінің кінәсінен төленген тұрақсыздық айыппұлын олардан өндіріп алудан түсетін сомадан;

12) басқа да санкцияларды қолданудан алынған сомадан;

13) банк иелігіндегі мүлікті жалға беруден алынатын түсімдерден;

14) банктің алған басқа табыстарынан;

15) төтенше жағдайлардан болатын кірістерден құралады.

17. Банктің шығысы есептеу әдісі негізінде теңгемен есептеледі және мыналардан:

1) алынған кредиттер, депозиттер бойынша, форвардтық, лизингтік операциялар, бағалы қағаздармен операциялар бойынша шығыстардан;

2) есеп айырысу-кассалық қызмет көрсету жөніндегі басқа банктердің қызметі үшін төлемдерден;

3) қызмет көрсету жөніндегі комиссиялық алымдар мен корреспонденттік қатынастардан;

4) клиенттердің операциялар бойынша почта мен телеграф және басқа да

шығындарынан;

5) сатуға жарамды бағалы қағаздарды қайта бағалауды ескере отырып, сатып алу-сатудан болатын шығыстардан;

6) сатуға арналған шетел валютасы мен бағалы қағаздарды сатып алу-сатудан және қайта бағалаудан болатын шығыстардан;

7) басқа да адамдарға әр түрлі қызмет көрсетуден болған шығындардан;

8) банктің басқа да активтерін сатудан болған шығындардан;

9) осы активтерді сатқанда болатын шығындардан;

10) банк операциялары бойынша басқа да адамдардың шығындардың өтеу сомасынан;

11) есеп беріп отырған кезеңде анықталған (өткен жылдар қателіктерін анықтаудың нәтижесінде), өткен жылдарда банкке артық төлегендерінен, өткен жылдар үшін үстемелеп есептелгендерді қосқанда клиенттердің банкке артық төлегендерінен болған шығындардан;

12) банк қызметін қамтамасыз етуге байланысты әр түрлі шығындарды қосқанда, бірақ онымен ғана шектелмей;

- банк қызметкерлерінің еңбек ақысын төлеуге, әр түрлі үстеме төлемдерді қоса алғанда шығындардан;

- кезекті (жыл сайынғы) және қосымша демалыстарға (пайдаланылмаған демалыс үшін өтем төлеу) заңға сәйкес төлем жасау шығындарынан;

- банктің қайта құрылуына, қызметкерлер санының қысқартылуына байланысты оның босатылатын қызметкерлеріне төленетін төлемдерден;

- жоғары және орта арнаулы оқу орындарында кешкі, сырттай оқуды үлгілі оқитын, сырттай аспирантурада, жалпы білім беретін кешкі (ауысымдық) және сырттай оқитын мектептерде, сондай-ақ аспирантураға түсетін қызметкерлерге заңға сәйкес берілетін оқу демалыстарына төленетін төлемдерден;

- кадрлар даярлауға жұмсалатын шығындардан;

- банктің штатына енгізілмеген қызметкерлердің азаматтық-құқықтық сипаттағы, мердігерлік шарттарды қоса, жасасылған шарттары бойынша, егер қызметкерлермен есеп айырысуды тікелей банк өзі жасайтын болса, олардың орындаған жұмыстарына төленетін төлем ақыларынан;

- демалыс күндері, жұмыстан тыс уақыттағы жұмыстары үшін заңға сәйкес төленетін төлемдерден;

- заңда көзделгендей, жұмыста еріксіз болмаған уақыты үшін немесе ақысы төмен жұмыстарды орындағаны үшін төленетін төлемдерден;

- өнертапқыштық пен жаңашылдық ұсыныстары үшін төленетін сыйақылардан;

- сақтандыруға жасалатын аударымдар;

- негізгі қорлар бойынша амортизациялық аударымдар, материалдық емес

активтер бойынша тозғандарын;

- әкімшілік үйлерді, құрал-жабдықтарды, банк мүкәммалдарын пайдаланудың , жөндеудің барлық түрлерін жүргізуге жұмсалатын шығындар бойынша шығындардан;

- жылуға, жарыққа, өрт пен қорғау күзетін ұстауға жұмсалатын төлемдерден;

- банктің активтері мен баланстан тыс міндеттемелерін жіктеуге сәйкес

провизиялар құрудан қалыптасады;

13) бланктер әзірлеу, сатып алу және жіберу бойынша шығындар, сонымен бірге мұқият есептегі бланктер, магниттік таспалар, есептеу техникасына жұмсалатын материалдар, қағаздар, буып-түю материалдарына жұмсалатын шығындардан;

14) құндылықтар мен құжаттарды тасымалдау мен сақтауға арналған сумкалар мен қапшықтарды сатып алу, жөндеу, жаңарту бойынша шығындардан;

15) ақшаны, құндылықтарды, банктік құжаттарды тасымалдау мен сақтау бойынша, сондай-ақ банктің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты өзге мекемелердің басқа да қызметтері бойынша шығындардан;

16) қызметкерлерді жұмысқа жұмылдырып, көшіріп алуға жұмсалатын шығындардан;

17) банктердің жарғылық қызметін жүзеге асыру үшін пайдаланылатын негізгі құрал-жабдықтарды кепілді жөндеу мен қызмет көрсетуге, байланыс пен есептеу орталықтарының қызметіне төлемдерге жұмсалатын шығындардан;

18) өндірістік қызметке байланысты кеңсе, почта-телеграф,

операциялық, іссапар шығындарынан;

19) кеңес беру, ақпараттық және аудиторлық қызметке төлем жасаудан;

20) банк қызметіне байланысты өкілдіктерге жұмсалатын шығындар: басқа ұйымдардың, шетелдіктердің де өкілдерімен ресми қабылдау өткізу жөнінде шығындар; банктің штатында жоқ аудармашылардың қызметіне төлем жасау; іскерлік келіссөздер жүргізу кезінде мәдени ойын-сауық шараларына, сондай-ақ буфет пен басқа да қызметтерге жұмсалатын шығындардан;

21) қызметтік автокөліктер ұстауға және меншік автокөліктерін қызметтік сапарларға пайдаланғаны үшін өтемдерге жұмсалатын шығындардан;

22) салықтар, алымдар, кедендік баж және басқа да міндетті аударымдардан;

23) тауар, қор, валюта биржасы қызметінің, брокерлік, дилерлік, маркетингтік те қызметтер құнын төлеуден;

24) банк қызметкерлеріне аудандық коэффициенттер мен шөлді, сусыз

және биік таулы жерлерде қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жүргізілетін өтемдерден;

25) акциялар, облигациялар және басқа да бағалы қағаздар шығаруға байланысты (бағалы қағаздардың бланкілерін сатып алу, типографиялық шығындар, бағалы қағаздарды және т.б. таратқандары үшін басқа банкке комиссиялық сыйақы төлеу) шығындардан;

26) егер сақтандыру төлемдерінің сақтандыру мерзімі аяқталған соң міндетті түрде қайтарылуы тиіс болғанда, мүлікті, кредит пен банктің әр түрлі тәуекелдерін сақтандырудан;

27) жарнамаға жұмсалатын шығындардан;

28) айыппұлдар, өсімпұлдар, тұрақсыздық өсімпұлдары мен басқа да санкцияларға жасалатын төлемдерден;

29) басқа да шығындардан;

30) төтенше жағдайлар шығындарынан құралады.

18. Акционерлердің өз капиталын салым ретінде салуы мен алуы банктің кірісі мен шығыстары болып танылмайды.

КҮШІНЕ ЕНГІЗІЛЕТІН КҮНІ

19. Осы стандарт 1998 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді.